



[www.uchitelskaya.kz](http://www.uchitelskaya.kz)

# Учительская плюс

Областная еженедельная общественная информационно-образовательная газета



ЖППТ Султаны

Костанай қалалық білім белемінің үйінде болуымен балалар шығармашылық уйнде дастырлі «ЖППТ Султаны» байқаусы етті. Шығармашылық пен ерік-жердің тартысына облыс орталықтардағы барлық орта мектептердің 9-11 сынып оқушылары катысЫп, бақсынады.

12 бет



Наставшым подарком к 8 Марта для Елены Венгерской стало сообщение из Новосибирска: директор образовательного центра «Ак ерке» получила золотую и серебряную медали по итогам международного заочного конкурса «Надежда планеты».

стр. 13

## Болашақ мамандық: оқу мен өндірістің байланысы

**Мемлекет басшысы  
Н.Ә. Назарбаевтың  
Қазақстан халқына Жолдауында: «Орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше ұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу маңызды», – дедінген.  
Осы орайда, Арқалық политехникалық колледжінде өндірістік оқыту шеберлері жетекшілігімен білім алушылардың таңдаған мамандықтарына сай, сабактан тыс үйрмелер жұмыс істейді.**

Откен жыл жағымды жаңалығымен есте қалды. Атап өтер болсам, «Электргаз берен дәнекерлеу» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері Е.К. Калиевтің жетекшілігімен ГЭС-34 тобының білім алушысы Серікболсын Сайлау «Электрленген мангал» жобасымен Костанай қаласында откен облыстық электрленген бұйымдар сайысында жүлделі орынға ие болған еді. Ал бүтінде заманауи «Жылжымалы жылдыгу пеші» жобасын жасауды қолға алып отыр. Өндірістік оқыту шебері А.Ж. Жапарғалиева тігін шеберханаларымен бірігіп, іс-тәжірибе отетін мекемелермен тығыз байланыста жұмыс жасау арқылы шәкірті А.Бакировамен «WorldSkills» Костанай облыстық сайысында жүлделі орынға ие болды. Ол Арқалық политехникалық колледжінің «Жыл адамы» номинациясының женімпазы.

Колледжіміздеге өндірістік оқыту шеберлері әр бағытта жұмыс

істейді. Мәселен, Н.А. Қалжанов «Өздігінен ток күшін өндіретін қозғалтқыш», Б.Ф. Тойшыбеков «Электромобиль макеті», С.Г. Жунусов «Жел электр станциясының жобасы», Д.Торғайбайұлы «Заманауи ауылшаруашылығы техникаларының макеті», Т.М. Ахмет пен Д.Х. Бекеева «Арнайы қобдиша» (ішінде оператор ЭЭМ мамандығының бұйымдары шоғырланған), F.X. Алексов «Бәйтерек» монументінің жобасы, М.Ж. Ельясова мен М.Т. Исмагурова «Шашқа тағатын әшекей бұйымдар» үлгілерін жасап шығарумен айналысады. Ал С.С. Хасенова және И.Е. Еденова «Аспаз мамандығына байланысты заманауи бұйымдар» жасау, Қ.Е. Смагулов, Т.Т. Искаков «Заманауи ғимараттар жобасы», С.Ж. Абдрахманова «Колледж ғимаратының макеті, макетке альтернативті энергия көзін қосу» жобасымен айналысада.

Сабактан тыс үйрме жұмыстарының басты мақсаты – білім алушылардың таңдаған мамандығына деген қызығушылығын, біліктілігін арттыру және ой-өрісін дамыту. Үйрімеге жүйелі түрде қатысатын білім алушылардың оку үлгерімі артып, себепсіз оқудан қалмайтын болды. Ен бастысы, таңдаған мамандығына деген қызығушылықтарының артқаны байқалады. Сол себепті, бұл бастаманың болашақ мамандарды дайындауда берері мол дер едім.

**Б.Б. ТУРГАЕВ,  
Арқалық политехникалық  
колледжінің  
ага шебері**